

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыты жобасын орындау жөніндегі нұсқаулыққа №1 қосымша

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ

«БЕКІТЕМІН»  
Астана қаласы әкімдігінің  
«Мамандандырылған балалар  
үйі» КММ директоры  
Т.А.Цечоева



Есеп (анықтама)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау

| Қосымша тапсырма                                                                                              | № | Анықталған фактінің сипаттамасы, қабылданған шаралар                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама (әкімшілік және қылмыстық)                             |   | 2023 жылдың 1 тоқсанында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (әкімшілік және қылмыстық) туралы хабарламалар тіркелмеген.                                                                                                                                                                                                              |
| Қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту мониторингі |   | 2023 жылдың 1 тоқсанында мекеме басшысы мен мекеменің құрылымдық бөлімшелерінің бөлім бастықтары қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ. Есепті кезеңде мекеме қызметкерлері сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілікке тартылған жоқ. |

|                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Басқа лауазымға тағайындалуына байланысты қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа жол бергені үшін басшылардың жауапкершілігін есепке алмау фактілерін анықтау          | Есепті кезеңде қарамағындағы қызметкерлердің басқа лауазымға тағайындалуына байланысты сыбайлас жемқорлыққа жол бергені үшін басшылардың жауапкершіліктен жалтару фактілері анықталған жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілерін анықтау                                                                                     | 2023 жылдың 1 тоқсанында бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Мемлекеттік функцияларды орындаумен сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды анықтау                                                                                   | 2023 жылдың 1 тоқсанында мекемеде мемлекеттік функцияларды орындауға сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғалар белгіленбеген.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілерін анықтау                                                                                       | Мекемеде 150-ге жуық жеке тұлға қызмет атқарады және кейбіреулері жақын туыстар. Бұл ретте олардың қызметі тікелей бағынысты емес немесе бір құрылымдық бөлімше шеңберінде бірлескен қызмет болып табылмайды. Мүдделер қақтығысы анықталмаған, бұл мәселе мекеме басшылығының қатаң бақылауында.                                                                                                                                                                               |
| Мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру фактілерін анықтау                                                                                             | Мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру фактілері анықталған жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе пайдалану мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілерін анықтау | Мекемеде қызметкерлер ресми таратуға жатпайтын қызметтік ақпаратты пайдалану жөніндегі талаптарды сақтайды. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық деректер қорымен жұмыс істеу туралы келісім жасалды. Қызметкер РДҚ-на ЭЦҚ көмегімен кіреді. Мекеменің басқа қызметкерлері РДҚ деректеріне қол жеткізе алмайды. Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу үшін қызметтік ақпаратты пайдалану фактілері тіркелмеген. |

|                                                                                                                                                                                                                                               |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін көрсетілетін қызметтерді қабылдау фактілерін анықтау</b></p> |  | <p>Есепті кезең шеңберінде қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, көрсетілетін қызметтерді немесе өзге де игіліктерді қабылдау фактілері анықталмаған.</p>                                                                                                                                      |
| <p><b>Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу, иелену, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілерін анықтау</b></p>                                                              |  | <p>Мекеме қызметкерлері Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы шеңберінде, Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар ашуға, иеленуге, ақша қаражаттары мен құндылықтарды сақтауға тыйым салынатыны туралы хабардар етілді. Аталған мәселелер бойынша фактілер анықталған жоқ.</p> |

**Астана қаласы әкімдігінің  
«Мамандандырылған балалар үйі» КММ  
комплаенс – офицері**



**Б.Габдуллин**